

Жұмахан Үшкемпірұлы МІРХАЛЫҚОВ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
негізгі мемлекеттік университетінің ректоры:

– Біздің университетіміз – Қазақстан Республикасындағы алдыңғы қатарлы жогары оқу орталарының бірі. Көптеген елімізге қажетті мамандарды даярлап шыгаратын университеттіміздің материалдық-техникалық базасы соңғы жылдары нығайған устінен нығайып, сапалы білім беру ісіндегі алгашиқ орындарды тұрақты иемденіп келеді. ОҚМУ-дың профессорлық-оқытушылық қурамының взір елімізге танымал профессорлар мен гыльым докторларынан қуралған.

Біз оскелең үрпаққа білім берумен гана шектеліп қалмай, облысымыз бен

республикамызда откізіліп отыратын спорттық салынтардан, мәдени іс-шаралардан құр қалмай, ауыз толтырып айтарлық табыстарға қол жеткізу деміз. Букілхалықтық Наурыз мерекесін де қалың көпшілікпен бірге атап отуге бір кісідей дайындығымыз жеткілікті. Бундай айтудың күні университет үжымын, профессор-оқытушылық қурамды, барша студенттер мен олардың ата-аналарын күттікштан, барлығына зор деңсаулық, телегей табыс тілеймін!

